

Корпоративтік әлеуметтік
жауапкершілік
2018 жылғы есеп



Есеп туралы

Навигация түймелерінің сипаттамасы:

Мазмұнына қайтып келу

Алдыға

Артқа

Алдыңғы бетке оралу

PDF файлы бойынша
жылжу үшін және қажетті
ақпаратқа тез қол жеткізу
үшін навигация түймелерін
пайдаланыңыз.

Кіріспе

2018 ж. есебі

Байланыс деректері

Компания президентінің есебі	3
КӘЖ жөніндегі төрағаның қысқаша шолуы	4
Жалпы жағдай	5
Біздің нарығымыз	6
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ұйымдастыру	7
2018 жылғы есеп	8
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	9
Біздің қызметкерлеріміз	10
Оқыту және дамыту	11
Ab-Initio пилоттарды дайындау бағдарламасы	12
Біздің қоғамдастығымыз	13
Сенім және адалдық	14
Ресурстарды пайдалану тиімділігі	15
Біздің жеткізушілеріміз	17
Байланыс деректері	18

Президенттің қысқаша шолуы

Бізде үлкен мақтаныш пен жоғары стандарттарды қолдауға шешімділік сезіміне негізделген тиімді корпоративтік мәдениет қалыптасқан.



2018 жыл «Эйр Астана» әуекомпаниясы үшін күрделі жыл болды. Қуаттылық 5%-ға ұлғайып, жалпы түсім көлемі 10%-ға – 840,86 млн. АҚШ долларына дейін артты, бұл ретте жалпы шығыс 14%-ға артты. Бұған себеп – негізінен әуе отыны құнының өсуі, ол әуекомпания шығындарының шамамен 30%-ын құрайды және аса ірі шығын бабы болып табылады.

Сонымен қатар, кейінгі девальвацияға және саяхатшылардың арзанырақ көлік түрлерін таңдай бастауына байланысты, Қазақстандағы тұтынушылық шығындар төмендеді. Оған қоса, әуекомпанияның 16 жылдық тарихында алғаш рет ішкі маршруттар бойынша тасымалданған жолаушылар саны азайды. Бұл халқының саны салыстырмалы түрде аз болуына қарамастан, Қазақстан нарығын әлемдегі ең бәсекелі нарықтардың бірі болуына себеп болып отырған басқа үш отандық әуекомпания төменірек тарифтер ұсынатынымен байланысты.

Дегенмен, «Эйр Астана» АҚ Орталық Азиядағы жетекші әуекомпания болып қалады. Бізде үлкен мақтаныш және компаниямыздың жоғары стандарттарын және брендiмiздi қолдауға бел байлау сезiмiне негiзделген тиiмдi корпоративтiк мәдениет қалыптасқан.

Қауіптер мен тәуекелдерді кешенді бағалау негізінде 2018 жылдың соңында жеке FlyArystan бюджетті бөлімшені іске қосу туралы шешім қабылданды, жаңа компания ішкі маршруттарға қызмет көрсетуін бастапқыда «Эйр Астана» компаниясынан алынатын және эконом-кластың 180 орнымен жабдықталған Airbus 320 ұшақтарымен 2019 жылғы мамыр айында бастайды.

Әуекомпания, бұрынғысынша, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы қағидаттарына және клиенттерге жоғары сапада қызмет көрсетуді басты орынға

қояды. Біз жетінші жыл қатарынан Skytrax агенттігінің «Орталық Азия мен Үндістандағы ең үздік әуекомпания» марапатын алдық, «Аймақтық азиялық әуетасымалдаушы» номинациясында TгірAdvisor сыйақысын, сондай-ақ Ресей мен Орталық Азиядағы бірнеше басқа да марапаттарға ие болдық.

Әлемдегі ең үздік әуекомпаниялардың бірі болу миссиямызды орындау үшін біз құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымызды қамтып көрсететін корпоративтік мәдениетімізді дәйекті түрде дамытамыз.

Осы есепте нәтижелеріміз және корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі бағыттары бойынша амалдарымыз мазмұндалған. Бұл мүдделі тараптармен ашық және адал диалог құру жолын ұстанатынымыздың маңызды аспектісі. Біздің ойымызша, стекхолдерлеріміздің үміттерін ақтау және одан асып түсу – бизнесіміздің ұзақ мерзімді табысының және жұмыс істейтін қоғамымыздың дамуының дұрыс қадамы және маңызды факторы.

Мен әдеттегідей, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, акционерлеріміз – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына және BAE Systems компаниясына, адал және еңбекқор әріптестеріме және тұрақты клиенттерімізге үнемі қолдау көрсетіп келгендері үшін алғысымды білдіргім келеді.

КӘЖ жөніндегі комитет төрағасының қысқаша шолуы

Халықаралық аудиторлық тексерулерден өтіп, жылды сәтті аяқтаған, соның арқасында техникалық қызмет көрсету бойынша өз қызметтерінің спектрін кеңейтуге және оларды басқа әуекомпанияларға ұсынуға мүмкіндік алған «Эйр Астана» әуекомпаниясы үшін қауіпсіздік аспектісі оның барлық қызметінің басымдығы болып қала береді.



Құрметті лорд Хескет,
Британия империясы орденінің
Рыцарь-Командоры, Ұлы Мәртебелі
құпия кеңесінің мүшесі

2018 жылы Комитет қауіпсіздікті, тұрақты дамуды және өнімділікті арттыруды ең басты міндет етіп қойып, өзгеріп келе жатқан әлемдік және ішкі нарықтарға, сондай-ақ қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайту мүмкіндігіне бар назарын аударды. Өзгермелі нарықтық жағдайларға жауап ретінде акционерлер 2019 жылы клиенттерге «Эйр Астана» сияқты жоғары санаттағы, бірақ ұшулардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін айтарлықтай арттыратын тасымалдаушының толық циклді ілеспе қызметтерін қоспай, қызмет көрсетуді ұсынатын «Fly Arystan» бюджеттік әуекомпаниясын іске қосуды шешті. Бастапқыда Fly Arystan ішкі нарықты игеруге бағытталатын болады, бірақ болашақта халықаралық нарықты да қамту жоспарланып отыр.

Әуекомпания 2019 жылы IPO-ға шығуды ойдағыдай орындауды жоспарлауда. Қазіргі уақытта басқарма құрылымын өзгертудің келісілген процесі жүзеге асырылуда – 2019 жылдың басында Басқарма құрамына оның қызметіне жаңа бағыттар енгізетін жаңа мүшелер кірді.

Қайырымдылық – «Эйр Астана» АҚ қызметінде бұрыңғыдай маңызды орын алады. Бірінші жаңа Embraer E2 ұшағына Қазақстандағы қар барысы популяциясын сақтап қалуға жергілікті деңгейде қайырымдылық қолдау көрсетуге назар

аударту үшін қар барысының бейнесі салынған. 2019 жылы қайырымдылыққа көп көңіл бөлінетін болады – әуекомпания ауру балалар мен ҰОС ардагерлеріне көмек көрсетуді жалғастырып қана қоймай, Қазақстандағы түрлі мәдени топтарға да қолдау көрсетеді.

«Эйр Астана» АҚ-тың оқыту және дамыту рухына сәйкес Сатып алу департаменті қазіргі уақытта бар және ықтимал жеткізушілермен, әсіресе ішкі нарықта, қарым-қатынастарын орнатуды және жақсартуды жалғастырды. Әуекомпания ықтимал жеткізушілер үшін тендерлік процедуралардың ашықтығын қамтамасыз ету және оларды оңайлату үшін, әрі қарай олар ұсынған Қызметтер мен тауарлар құнын уақытылы төлеп отыру үшін өзінің тендерлік сатып алу жүйесі мен төлем жүйесін жаңғыртты.

Қауіпсіздік «Эйр Астана» әуекомпаниясының бүкіл қызметінің негізгі аспектісі болып табылады. 2018 жылы әуекомпания нормативтік-құқықтық реттеу саласындағы бірқатар негізгі халықаралық аудиторлық тексерулерден сәтті өтті. 2019 жылы «Эйр Астана» екі жылда бір рет өткізілетін және әуекомпания қызметінің барлық аспектілерінің тиісті талаптарға сәйкестігін тексеруге бағытталған IATA (IOSA) операциялық қауіпсіздік аудитінен өтуді жоспарлауда.

Жалпы жағдай

Отынның бағасы жоғары болғандықтан дүниежүзіндегі бүкіл сала үшін жыл күрделі болғанына қарамастан, «Эйр Астана» өзінің бәсекелестік артықшылықтарын ұлғайтып, олардан пайда табуын жалғастырды.

2018 жыл жаһандық авиация өнеркәсібі үшін тағы бір сынақтар жылы болды. 2018 жылы әуе отынының орташа бағасы 2017 жылмен салыстырғанда шамамен 31%-ға көтерілді және бұл көптеген әуекомпаниялар үшін негізгі проблема болып отыр.

Жылдық есептеуде халықаралық жолаушылар тасымалдарының өсуі 2,3%-ға баяулағанымен, өткен жылда әлем бойынша халықаралық шекараларды кесіп өткен 1,4 млрд. туристің жартысынан астамы әуе көлігімен тасымалданған.

Қазақстан Қытай, Үндістан және Ресей сияқты өсіп келе жатқан нарықтармен шекаралас Еуразияның жол тоғысында орналасқан. «Эйр Астана» АҚ-ның осы нарықтарды байланыстыру мақсаты өзгеріссіз. Біз орталықтағы бірегей орналасуымызды пайдаланатындай ыңғайлы жағдайдамыз.

БІЗДІ БІРЕГЕЙ ЕТЕТІН НЕ

Сапа

Жолаушылардың үміттері жайлылық, қызмет көрсету, тиянақтылық және сенімділік сияқты элементтерден қалыптасады. Біз билетті сатып алған сәттен бастап ұшу аяқталғанға дейін клиенттерге қызмет көрсетудің ең жақсы сапасын қамтамасыз етуге тырысамыз.

Тиімділік

Біздің тиімділікке ден қоюымыз табысқа жетуімізге септігін тигізеді және негізгі стратегиялық басымдық болып табылатын салыстырмалы шығындарымызды төмен деңгейде ұстап тұруға көмектеседі. Бұл отынның жоғары бағасы сияқты қауіптерді азайтуға көмектеседі және жаңа мүмкіндіктеріміздің ауқымын кеңейтеді.

Қауіпсіздік

Біздің қауіпсіздік техникасы саласындағы көрсеткіштеріміз тамаша. Ең жоғары қауіпсіздік стандарттарын енгізу – жұмысымыздың ажырамас бөлігі, біз техникалық және пайдалану қауіпсіздігінің үздік халықаралық стандарттарын ұстанамыз.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

Біз паркіміздің шығарындылар бойынша талаптарға сай болуын қолдай отырып, ескі ұшақтарымызды біртіндеп жаңаларына және тиімділеріне ауыстыра отырып, шығарындыларымызды төмен деңгейде сақтаймыз.



Біздің нарығымыз

Біз пайдалану тиімділігі мен шығындарды бақылау бойынша нарықта көшбасшылығымызды сақтап тұрмыз, бұл біздің марапатталатын салыстырмалы төмен бағадағы толық циклді әуетасымалдаушы мәртебесіне қол жеткізуімізге мүмкіндік береді.

Азаматтық авиация комитетінің деректері бойынша 2018 жылы Қазақстан әуежайлары 14 млн жолаушыға қызмет көрсетті, бұл ретте трансферлік жолаушылардың саны 40%-ға артты. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті ұсынған деректерге сәйкес, Қазақстандағы әуетасымалдардың көлемі 2018 жылы 7%-ға артып, соңғы он жылда 8 млн жолаушыға дейін екі есеге көбейді.

Қазақстан аз дамыған нарық болып қалып отыр, Қазақстан халқының ұшуға деген сұранысы төмен, сондықтан ел әуежайларында трафиктің деңгейі әлі де салыстырмалы түрде төмен.

Ұлттық валютаның қатты құнсыздануына, әуе отынының қымбаттауына және басқа да жағымсыз факторларға қарамастан, «Эйр Астана» 2018 жылғы қаңтар мен желтоқсан айлары өз жолаушыларының жалпы санын, 2017 жылғы іспеттес кезеңдегі 4,2 млн.-мен салыстырғанда, 4,32 млн.-ға дейін арттырды. Компанияның жыл сайынғы транзиттік тасымалдары 2018 жылы 48%-ға артып, енді халықаралық трафигіміздің 32%-ын құрайды.

2018 жылы әуекомпания Атыраудан Франкфуртқа, Астанадан Қазанға және Астанадан Түменге үш жаңа бағыт қосты. 2019 жылы да біз желінің кеңейтуді, сонымен қатар, қолданыстағы бағыттардың өткізу қабілетін арттыруды жоспарлап отырмыз. Қазіргі уақытта біздің маршруттар желіміз Алматы мен Астана хабтарындағы 69 халықаралық және ішкі рейстерді қамтиды.

Біз отандық нарықтағы жетекші әуекомпанияға айналғанымызды мақтан тұтамыз. Бізді құндылықтарымызды бұлжытпай сақтағанымыз үшін және жоғары деңгейде қызмет көрсететініміз үшін бағалайды.



Біз, төмендегідей ең беделді марапаттарға ие бола отырып, клиенттер базасын сақтаймыз және арттырамыз:



Жетінші жыл қатарынан Skytrax World Airline Awards «Орта Азия мен Үндістандағы 2018 жылғы ең үздік әуекомпания» сыйлығы,



Travellers' Choice Awards 2018 номинациясындағы TripAdvisor сыйлығы,



2018 жылы APEX 5 жұлдызына ие болу.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Біз тұрақты өсу қағидасын ұстанып, көлік саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруға толыққанды қатысамыз.

Миссиямыз

Еуразияның қақ ортасында әлемдегі ең үздік әуекомпаниялардың бірін құрамыз.

Мақсаттарымыз

1. Біз ең жоғары қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етеміз.
2. Біз клиенттерге қызмет көрсетудің ең жоғары стандарттарын ұсынатын аймақтағы ең сенімді әуекомпания болып табыламыз және болуға тиіспіз.
3. Біз табысты арттырамыз, флотымызды, маршруттар желімізді және өнімдерімізді жақсартамыз.
4. Біз адалдық пен іскерлік этиканың ең жоғары стандарттарын ұстанамыз.
5. Біз қызметкерлерді тартамыз, бағалаймыз, сіңірген еңбектері үшін марапаттаймыз және әрқайсысына өз әлеуетін барынша іске асыру мүмкіндігін береміз.
6. Біз – әлеуметтік жауапты ұйымбыз.
7. Біз Қазақстанның **жаһандық елшісі** болып табыламыз.

Құндылықтарымыз

- Қонақжайлық
- Тиімділік
- Белсенділік
- Сенімділік
- Сенім



Қазақстан әуетасымалдаушылары арасындағы көшбасшы және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен BAE Systems бірлескен кәсіпорны бола отырып, «Эйр Астана» АҚ барлық мүдделі тараптар алдындағы өз міндеттемелерін мойындайды. Біз өз қызметімізді, соның ішінде әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметімізді іскерлік этиканың халықаралық қағидаттарына, ережелер мен стандарттарға сәйкес жүзеге асырамыз. «Эйр Астана» компанияның қайырымдылық жобаларын қадағалау үшін, қоғамдастыққа пайда әкелетін және компания құндылықтарына сәйкес келетін қайырымдылық және демеушілік жобаларын анықтау және іріктеу үшін Инвестициялар жөніндегі комитетті құрды.

2018 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

Бұл бөлімде қызметіміздің негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер, тәсіліміз және міндеттемелеріміз туралы ақпарат мазмұндалған.

Қызмет бағыты	Бет №	Саясат
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	9	IOSA аудиті
Біздің қызметкерлеріміз	10	Қызметкерлерді оқыту және дамыту Ab-initio даярлау бағдарламасы
Біздің қоғамдастығымыз	13	Қайырымдылық
Сенім және адалдық	14	Іскерлік этика
Ресурстарды пайдалану тиімділігі	15	Экологиялық саясат
Біздің жеткізушілеріміз	17	

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Жолаушылар мен қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі «Эйр Астана» үшін әрқашан басты орында. Ұшу қауіпсіздігінің ең жоғары стандарттарын енгізу әуекомпанияның ең басты тапсырмасы болып табылады.



«Эйр Астана» қауіпсіздік көрсеткіштерін барынша жоғарылатуды басты орынға қояды. Біздің мақсатымыз – клиенттеріміз бен қызметкерлеріміздің игілігі жолында қауіпсіздік пен мәдениет деңгейін тұрақты түрде арттыру.

Біз Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйеміздің (SMS) шеңберінде қауіптерді анықтау және тәуекелдерді азайту кешенді процестерін енгізу және қолдау арқылы ең жоғары халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды ұстанамыз. Біздің қауіпсіздікке бейілдігіміз жобалаудан, өндіруден, сынаудан және сертификаттаудан бастап әуе кемелерін пайдалануға енгізгеннен кейін тұрақты тексерулерге және техникалық қызмет көрсетуге дейінгі толық циклдің сақталуына кепілдік береді. «Эйр Астана» үш ұшақпен нарыққа шыққан 2002 жылдан бастап біз 482 860 сектор мен 1 218 745 ұшу сағатын қауіпсіз орындап шықтық.

2018 жылы әуекомпания Ұлыбританияның Азаматтық авиация басқармасы жүргізген EASA 145-бөлім («Әуе кемелеріне желілік қызмет көрсету») жыл сайынғы үш аудитінен және Ирландияның ААБ жүргізген EASA 147-бөлім («Техникалық қызмет көрсетуге оқытып-үйретуді ұйымдастыру») аудитінен ойдағыдай өтті. EASA 145-бөлім сертификатының иесі бола отырып, «Эйр Астана» компаниясы өз әуе кемелері флотына толық техникалық қызмет көрсетеді, сондай-ақ басқа 20 әуетасымалдаушыға жедел техникалық қызмет көрсету қызметтерін ұсынады.

Одан бір жыл бұрын компания екі жылда бір рет жүргізілетін ИАТА (IOSA) пайдалану қауіпсіздігі бойынша алтыншы аудитінен өтті. Келесі IOSA аудиті әуекомпанияда 2019 жылы жүргізіледі. Аудит шеңберінде әуетасымалдаушы қызметінің барлық аспектілері: корпоративтік басқару жүйелері, ұшуда пайдалану, ұшу сапарларын ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет, әуе кемелерін инженерлік-техникалық қамсыздандыру және оларға жерде қызмет көрсету, бортта қызмет көрсету, тиеу-түсіру

операциялары, әуе қауіпсіздігі, сондай-ақ күнделікті қызмет аясында жүзеге асырылатын рәсімдер мен процестер бойынша IOSA стандарттарына сәйкестігі тексеріледі. Сәйкестікті ішкі бақылау бағдарламасы шеңберінде «Эйр Астана» IOSA регламентінің талаптарына сәйкестіктің 164-ке жуық тексеруін жүргізді.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшу қауіпсіздігінің тиісті стандарттарын сақтауын ұшуға жарамдылық үшін жауапты Аруба Азаматтық авиация департаменті (DCA) мен Қазақстанның Азаматтық авиация комитеті, сондай-ақ басқа да тиісті халықаралық реттеуші органдар бақылайды.

Ұшу қауіпсіздігін арттыру бастамасы ретінде компания ұшу қауіпсіздігі жөніндегі «SMS Excellence: практика, проблемалар және мүмкіндіктер» төртінші аймақтық семинарын өткізді, оған тоғыз аймақтық әуекомпанияның, ұшақ өндірушілерінің өкілдері, ИКАО мен ИАТА өкілдері, Қазақстан мен Еуропаның авиациялық органдары қатысты.

Компания пайдалану қауіпсіздігімен және превентивті стратегияларды әзірлеумен байланысты үрдістер мен проблемалы салаларды айқындайтын ИАТА оқиғаларды жіктеу жөніндегі техникалық тобының тұрақты мүшесі болып табылады. «Эйр Астана» АҚ сондай-ақ ИАТА оқыс оқиғалар жөніндегі есептілігінің жаңа таксономиясын әзірлеу мақсатын көздейтін қауіпсіздікпен байланысты оқыс оқиғалар таксономиясы жөніндегі ИАТА жұмыс тобының мүшесі болып табылады. Компания сондай-ақ Азия-Тынық мұхит аймағы әуекомпаниялары қауымдастығының (AAPA) белсенді мүшесі болып табылады және AAPA ұшуларды басқару және ұшу қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс топтарына қатысады. «Эйр Астана» АҚ әлі де ИАТА ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұшуда пайдалану және диспетчерлік қызмет жөніндегі жұмыс топтарының мүшесі болып табылады және IOSA стандарттарын жетілдіруге, ИАТА озық тәжірибесі бойынша нұсқаулықтарды жасауға септігін тигізеді.

Біздің қызметкерлеріміз

Біздің адамдар – компаниямыздың басты игілігі. Біз 5 210 қызметкеріміздің барлығын және олардың компания жұмысына қосқан үлестерін бағалаймыз. Біз олардың әлеуетін барынша дамыту үшін инклюзивті корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ұмтыламыз.

Біз кеңейтілген әуе кемелері паркіне қолдау көрсету арқылы ұзақ мерзімді даму мақсаттарымызға қол жеткізу үшін жұмыскерлер штатын үнемі арттырып отырамыз. Біз отбасылық және моральдық құндылықтарға бағдарланған, барлығы үшін бірдей және қолжетімді мүмкіндік жасалған икемді жұмыс ортасын қолдаймыз және дамытамыз. Үміткерлердің мол пулынан үздік мамандарды тарту және ұстап қалу «Эйр Астана» АҚ үшін негізгі басымдық болып табылады.


2017 жылы іске қосылған және бүкіл Қазақстаннан үміткерлерді іріктеуге, жұмысқа орналастыруға және оқытып-үйретуге бағытталған «Арманыңды іске асыр» қызметкерлерді тарту жөніндегі ауқымды науқанын «Эйр Астана» 2018 жылы да жалғастырды. Компания сондай-ақ «Мансап күні» жобасын іске қосты, оның аясында компания өкілдері аудиториямен табыс жолының тарихымен бөліседі. Сондай-ақ біз «100 мамандық», «Өз жолыңды тап», «LeadershipKZ» және т.б. жастар ұйымдарымен ынтымақтастығымызды жалғастырдық.

Осы жобалар шеңберінде жоғары сынып оқушылары мен студенттерге авиа стимуляторда ұшып көру, ұшқыштардың ұшу кезінде алдынан шығатын әр түрлі жағдайлармен және жағдаяттармен танысу және ұшқыштарымыздың, инженерлеріміздің және бортсеріктеріміздің табысқа жету тарихтарын тыңдау мүмкіндігін беретін экскурсияға баруды ұсынамыз.

«Эйр Астана» жыл сайын, қазақстандық мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін ынталандыру және қолдау, олардың зияткерлік қызмет өнімін шығаруға деген қызығушылықтарын ояту және көпшілікті жастардың шығармашылық және ғылыми жетістіктерімен таныстыру мақсатында, Крэнфилд университеті (Ұлыбритания) мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ұйымдастыратын республикалық конкурсқа қазылар ретінде қатысады. Конкурс студенттердің көлік саласындағы қызығушылықтарын арттыруға және білімдерін тереңдетуге кейінен Крэнфилд университетіне жіберуге бағытталған.

«Эйр Астана» АҚ өз жұмыскерлеріне тиянақталған және өлшемдес төлемді, сондай-ақ қолжетімді, нарықта бәсекеге қабілетті, нәтижеге бағдарланған және қажеттілігіне қарай қайта қаралатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жеңілдіктерді (соның ішінде сақтандыру төлемдерін) ұсынады. Жеңілдіктер топтама-сы денсаулықты жазатайым оқиғалардан сақтандыру мен медициналық сақтандыруды; ұшқыштар үшін лицензияны жоғалтудан сақтандыруды; «Эйр Астана» әуекомпаниясының немесе серіктес әуекомпаниялардың рейтингіне 50-90 % жеңілдіктерді; жұмысқа және жұмыстан тасымалдауды; ұялы байланысты; жаттығу за-лын және т.б. жеңілдіктерді қамтиды.

Жұмыс беруші брендін қалыптастыру, талантты адамдарды тарту және ұстап қалу үшін шешімдерді әзірлеу жөніндегі зерттеулерге маманданатын Universum жетекші агенттігі үш жыл қатарынан «Эйр Астананы» Қазақстандағы ең үздік жұмыс беруші деп таныды;



HeadHunter компаниясы әуекомпанияны біздің KC Recognition атты бастамамыз үшін ең жоғарғы марапат – «Орталық Азияның 2018 жылғы HR-бренді» сыйлығымен марапаттады; біздің «HR-дағы цифрлық трансформация» атты жобамыз Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отырған «Цифрлық шешімдер» санатында WOW! HR_KZ марапатын алды, бұл үшін «Эйр Астананы» Еңбек әлеуметтік қорғаныс министрлігі де мойындады; біз қызметкерлерді басқару процестерінің электронды келісімшарттық және қағазсыз жүйесін енгізген Қазақстандағы алғашқы компания болдық, бұл жүйе Қазақстанды цифрландыру бойынша жол картасына сәйкес ҚР үкіметінің цифрлық құралына енгізілуі мүмкін. «Words and Pictures» серіктесімізбен бірлесіп отырып, біз қызметкерлерді жаңа ұйымдық стратегия туралы хабардар етумен байланысты «... елестетіп көр» жобасымен «Өзгерістер туралы хабардар етудің ең үздік стратегиясы» 2018 жылғы FEIEA Гран-приінің финалға қатысушысы болдық.

Толығырақ ақпарат job.airastana.com сайтындағы «Оқу және мансап» бөлімінде келтірілген.

Оқыту және дамыту

Қызметкерлерді оқыту және дамыту – «Эйр Астана» АҚ басты басымдықтарының бірі.

2018 жылы «Эйр Астана» оқу академиясы мықты бренд қалыптастыру және компания ішінде, сондай-ақ жалпы авиация саласы үшін біліктілікті арттыру орталығын құру жөніндегі үш жылдық жоспарына сәйкес өзінің дамуын жалғастырды. Академия бүкіл корпоративтік жедел оқытуды біріктірді және енді барлық бағыттардағы авиация мамандарын, соның ішінде ұшқыштарды, бортсеріктерді, инженерлерді және азаматтық авиацияның басқа да мамандарын EASA стандарттарына сәйкес деңгейде даярлайды.

«Жас Өркен» және «Цифрлық жаз» сияқты үкіметтік бастамаларға қолдау көрсету мақсатында «Эйр Астана» студенттердің болашақта мансаптарына көмектесу үшін оларды өзінің тағлымдамадан өту бағдарламасы аясында ойдағыдай қабылдады. Тағлымдамадан өту бағдарламасы компанияда 2014 жылы іске қосылды. Бағдарлама жерде қызмет көрсету бөлімінде ойдағыдай енгізілгеннен кейін әрі қарай қаржы, АТ және электрондық бизнес бөлімдерінде, сондай-ақ операциялық қызметті бақылау саласында қолданыла бастады. Бағдарлама аясында, жалпы алғанда, 360 білім алушы «Эйр Астана» АҚ-да тағлымдамадан өту мүмкіндігін алды, олардың 153-і кейінен компанияда жұмыстарын жалғастырды.

Бүкіл операциялық-техникалық қызметкерлері әлемнің үздік авиациялық оқу орталықтарында дайындықтан өтеді.

Крэнфилд Басқару мектебінің көмегімен «Эйр Астана» өз менеджерлерін үздіксіз дамыту аясында оларды оқытып-үйретуін жалғастырды. Біз мықты басқарушылар командасы ұйымның табысқа жетуіндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады деп есептейміз.



Ab-Initio пилоттарды дайындау бағдарламасы

Ab-Initio бағдарламасы қазақстандық ұшқыштардың жаңа буынына мүмкіндіктер ашып, білікті ұшқыштар тапшылығын азайтуға көмектеседі.

2018 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы табысты Ab-initio ұшқыштарды оқыту бағдарламасының он жылдығын атап өтті. Ab-initio бағдарламасы 2008 жылы іске қосылып, жергілікті білікті ұшқыштар тапшылығын азайтуға және жастарға беделді әуекомпанияға жоғары ақы төленетін жұмысқа тұру мүмкіндігін беруге бағытталды. Содан бері екі жүзден астам курсант профильдік дайындықтан өтіп, экипаж командирі немесе екінші ұшқыш мамандығына ие болды.

2018 жылы Ab-Initio бағдарламасы бойынша берілген өтінімдер саны 2017 жылмен салыстырғанда 74%-ға артты. Бағдарлама қазірдің өзінде 209 курсант дайындап шығарды, олардың 178-і флотымыздың A320, B767 және E190 ұшақтарында командир немесе екінші ұшқыш ретінде ұшады. Қазіргі уақытта 26 курсант Ab-initio бағдарламасы аясында даярлықтан өтіп жатыр және 2019 жылы жаңа курсанттардың қабылдануы күтіледі. Осы бағдарлама аясында компания келесі жыл сайын 35-40 жаңа ұшқышты оқытуға ниетті болып отыр.

Қабылдау шамамен 20 адамды құрайды, ал жыл бойғы бағдарламаның өзі Корк қаласындағы (Ирландия) AFTA академиясында және Херес қаласындағы (Испания) FTE ұшқыштар мектебінде оқытуды ұйғарады. 2018 жылы «Эйр Астана» АҚ өзінің болашақ ұшқыштарын оқыту үшін Partia Pilot Training (Финляндия) ұшқыштар мектебімен келісім жасасты.

Оқу курсы 18 айға дейін созылады, бұл ретте «Эйр Астана» Ab-initio бағдарламасының әр ұшқышы үшін алдын ала 100 000 АҚШ долларын құрайтын 100% көлемінде оқу ақысын төлейді.



Оқуды аяқтаған курсанттар әуекомпанияда жұмыс істеген кезде курс құнының тек 50%-ын ғана өтеулері тиіс. «Эйр Астана» АҚ-ның бағдарламасының басқа тасымалдаушылардың осындай бағдарламаларынан артықшылығы оның жұмыс істейтін курсанттардан қандай да бір қаржылық кепілдік талап етпейтіндігінде.

Ағылшын тілін жақсы меңгерген, физика және математика саласында білімі бар, 18 жастан 34 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары job.airastana.com сайтында бағдарламаға қатысуға өтініш бере алады.

Біздің қоғамдастығымыз

Біз жергілікті халықпен, олардың алдындағы әлеуметтің жауапкершілігімізді түсіне отырып, белсенді жұмыс істейміз. Біз жергілікті қоғамдастық бізбен бірге дамуына мүдделіміз.

«Эйр Астана» жергілікті қоғамдастықтарға тікелей әсерін тигізетін және экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан өз әлеуеттерін іске асыруларына көмектесетін әртүрлі жобалармен айналысады.

Қоғамдастықты дамытуға инвестициялар төмендегілерді қамтиды:

- қызметкерлердің қаражат жинау және ерікті түрде көмек көрсету жұмысы арқылы қайырымдылық қызметке қатысуы;
- жергілікті, мемлекеттік және халықаралық қайырымдылық ұйымдары мен басқа да коммерциялық емес ұйымдарға қайырымдылық және демеушілік көмек беру;
- жергілікті қоғамдастық өміріне айқын, жағымды әсері көрсетілуі мүмкін, іс-шаралар мен жобаларға демеушілік қолдау көрсету;

Шет елдерде емдеуді қажет ететін, аз қамтылған отбасылардан шыққан ауру балаларды, Қазақстан Республикасында емделмейтін аурулармен ауыратын балаларды; ҚР азаматтық авиация ардагерлерін тасымалдау.

2018 жылы ауыр дертке шалдыққан балалар мен оларды алып жүретін ата-аналарына 45 000 АҚШ доллары сомасында 124 әуебилет берілді.

Сонымен қатар компания ішкі бағыттар мен ТМД елдеріне сапар жасау үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 3 840 әуебилет бөлді.

2018 жылы «Эйр Астана» ЮНЕСКО қамқорлығымен өткен халықаралық диалог құруға мүмкіндік берген «Өнер ғаламшары» халықаралық фестиваліне қолдау көрсетті. Фестиваль Қазақстанның елордасы – Астана қаласының 20 жылдығына арналды. Жоба аясында әуекомпаниясы дарынды жастарға 18 тегін билет берді.

2018 жылғы желтоқсан айында компания қар барысының бейнесіндегі бірегей ливреясы бар өзінің алғашқы E190-E2 ұшағын алды. Қар барысы Қазақстанның оңтүстігіндегі тау жоталарын мекендеуші болып табылады. Арнайы дизайн әлем қоғамдастығының назарын осы жабайы мысықтың жоғалу қаупіне аудару үшін әзірленді. Сонымен қатар Компания елдегі қар барысын сақтау жобасына қолдау көрсету үшін компания «Шегі жоқ жабайы табиғат» қазақстандық қорына 10 000 АҚШ долларын қайырымдылыққа берді.

2018 жылы «Эйр Астана» қайырымдылық қорларымен ынтымақтастығын жалғастырды. Біз әлеуметтік бастамаларға демеушілік жасадық және



қызметкерлеріміздің арасында ерікті көмек көрсетуді қолдадық. Қызметкерлерімізді қайырымдылыққа тарту бағдарламамыздың шеңберінде біз «Teen Challenge Kazakhstan» қайырымдылық қорына жоғалған жолжүкті сұрыптап, буып-түйіп, осы қорға табыстау бойынша қайырымдылық науқанын бастадық. Сонымен қатар Қор қиын өмірлік жағдайларға тап болған әйелдерге, белгілі тұрғылықты жері жоқ жалғызбасты аналарға, сондай-ақ күш көрсетуден және эмоционалдық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға көмек көрсетеді.

2018 жылы біз жетім балаларға арнап қаражат жинау бойынша әр түрлі қайырымдылық акцияларын жүргізуімізді жалғастырдық, мысалы, компанияның жер үсті қызметі Алматы обл. Талғардағы балалар үйіне арнап қаражат жинау шараларын жүргізді.

Сенім және адалдық

«Эйр Астана» АҚ іскерлік этиканың ең жоғары стандарттарын енгізіп, бизнесті жүргізуде мойындалған көшбасшы болуға ұмтылады. Біз қызметкерлеріміз бен акционерлеріміздің біздің атқарып жатқан ісіміз бен оны жүзеге асыру жолымызды мақтан тұтқанын қалаймыз.



«Эйр Астана» әуекомпаниясы мен оның қызметкерлері күнделікті жұмысын шынайы және адал жүргізуге ұмтылады.

«Эйр Астана» бұзушылықтар туралы хабардар етудің жаңа Саясатын әзірледі және қызметкерлерге арналған хабардар етудің қолданыстағы арналарына қосымша, 2019 жылы тәуелсіз бөгде оператор арыз берушілердің анонимділігін қамтамасыз ету үшін телефон, электронды пошта және Интернет арқылы хабарлау мүмкіндігін береді. Қызметкерлерге жаңа саясатқа сәйкес өздерінің маңызды қауіптенулері туралы мәлімдеу ұсынылады және белгілі болған барлық қауіптенулер мұқият тексеріліп, тиісті шаралар қолданылуы тиіс.

Осы жаңа саясаттан кейін отандық және халықаралық нормалардың сақталуын қамтамасыз ететін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат келеді. Кез келген саясатты бұзу дереу жұмыстан шығаруға негіз болуы мүмкін маңызды бұзушылық ретінде бағаланады.

Біздің философиямыздың негізінде қызметкерлерді оқытып-үйрету жатыр, бұл, біздің ойымызша, жағымсыз оқиғалардың шешімін іздеуге емес, олардың алдын алуға көмектеседі. Қызметкерлерді дайындау сондай-ақ бүкіл компанияда іскерлік этиканың қатаң стандарттарын жүзеге асыруымызға да көмектеседі. Жаңа қызметкерлер міндетті кіріспе семинар шеңберінде Іскерлік этика кодексін арналған арнайы курстан өтеді.

Ресурстарды пайдалану тиімділігі

Компаниямыздың қызметінің қоршаған ортаға әсерін азайту – орнықты дамуымыздың ажырамас бөлігі.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламамыз мынадай негізгі басымдықтарды белгілейді:

- ресурстарды оңтайлы басқару, соның ішінде табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін технологияларды әзірлеу және енгізу;
- климаттың антропогендік өзгеруін болдырмау шараларын қабылдау және кез келген экологиялық залал үшін тиісті өтемақыны төлеу;
- қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін қадағалау;
- халықаралық стандарттарға сәйкес, қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету.

Біз атмосфераға шығарындылар бойынша халықаралық стандарттарға қатаң сәйкестікті қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде аудит жүргіземіз.

Біздің мүмкіндігінше жаңа және тиімді ұшақтарды пайдаланудың және ескі ұшақтарды қолданыстағы шығарындылардың нормаларына сәйкестігін үнемі бақылау және модификациялаудың есебінен шығарындылардың төмен деңгейін сақтап отырмыз.



Ресурстарды пайдалану тиімділігі

Отынды тұтыну және парниктік газдар шығарындылары

Қоршаған ортаға әсерін азайтуға тырысатын жауапты әуекомпания бола отырып, «Эйр Астана» АҚ көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту үшін үнемі жұмыс жасайды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының жаңа әуе кемелерін сатып алу және сонымен бір мезгілде ескі әуе кемелерін пайдаланудан біртіндеп шығару бағдарламасы көмірқышқыл газының жалпы шығарындылар көлемін азайту жөніндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады.

«Эйр Астана» ұшақтарын мұз басуға қарсы өңдеу үшін қауіпсіздік пен экологияның халықаралық стандарттарына сәйкес келетін уытты емес сұйықтық пайдаланады.

Біз бір ұшақта пайдаланылатын сұйықтықтың тұтынылуы мен мөлшерін күн сайын, ауа райы жағдайларын ескере отырып бақылаймыз. Бұдан басқа, компания тұтынылатын сұйықтық шығынын азайту үшін ұшақтың бетіндегі қарды және сұйықтық пен ауаны кетіру үшін ауа үрлегішті пайдаланады.

Пайдаланылған майлар мен сұйықтықтар қалдықтарға арналған бакқа құйылады, ал әуежай қызметтері бакты босатып, оның ішіндегісін өз рәсімдеріне сәйкес кәдеге жаратады. Май төгілген жағдайда, оны сіңіргіш материалдардың көмегімен жинап, кәдеге жаратуға болады.

Қалдықтарды барынша азайту

Өнеркәсіптік қалдықтар жиналу шамасына қарай мамандандырылған ұйымдармен шарт бойынша

сыртқа шығарылады және кәдеге жаратылады. Барлық қауіпті қалдықтар сұрыпталып, жеке сақталады. 2018 жылы біз қызметкерлер арасында әрі қарай пайдалану үшін ПЭТ қалдықтарын жинап тапсыруды ынталандыруға бағытталған жобаны іске қостық. Қызметкерлер 80 кг ПЭТ (полиэтилентерeftалат) қалдықтарын жинап, олар қайта өңдеуге жіберілді.

Қағаз қолдануды азайтуға жұмсаған тұрақты күш-жігеріміздің аясында біз бизнес-процестерді тиімдірек басқаруға арналған ELMA жаңа электрондық жүйесін іске қостық. Жаңа тұғырнама біздің жұмыс процесімізді автоматтандырды және цифрландырды, бұл қағазға және басып шығаруға жұмсалатын шығындарды азайтуымызға көмектесті. Бизнес-процестерімізді жетілдіре отырып, біз 2018 жылы өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қағазды пайдалану көлемін 22 000 килограмға азайттық.

Жаңартылған флот

Компаниямыз Airbus A319/320/321 тобының ұшақтарын пайдаланатын Қазақстандағы жалғыз әуетасымалдаушы болып табылады. Өзінің жоғары жайлылығымен қатар бұл әуе кемелерінің барлығы экологиялық болып табылады, отынның барынша үнемделуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ өз сегментіндегі басқа үлгілермен салыстырғанда, шығарындылардың және шуылдың төмен деңгейімен ерекшеленеді.

A320 NEO аэробусы алдыңғыларына қарағанда отынды 15%-ға артық үнемдейтін Pratt & Whitney инновациялық қозғалтқыштарымен жабдықталған.

Компаниямыз отынды көп шығындайтын Boeing 757-200 ескі ұшақтарынан кезең-кезеңмен бас тартуға кірісті. 5 ұшақтың алғашқысы — 2019 жылғы сәуір айында, ал қалғандары келесі 4 жыл ішінде пайдаланудан шығарылады, бұл жалпы алғанда парк айналымын жақсартады.

2017 жылы «Эйр Астана» үлкен ұшу қашықтығын және жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін бес Embraer E2 ұшағын жалдау шартына қол қойды. Алғашқы E2 ұшағы 2018 жылдың соңында жеткізілді, ал осы парктегі екінші ұшағымыз 2019 жылғы ақпан айында жеткізіледі, бұл жұмысымыздың тиімділігін одан әрі арттырады.

Әуе флотын түрлендіру

Винглеттер (Boeing) мен шарклеттер (Airbus) сияқты элементтерді орнату бірден екі артықшылық береді: үлкен отын үнемділігі; жақсартылған аэродинамика маршруттарды неғұрлым оңтайлы таңдауға мүмкіндік береді.

Шуыл

Біз әуежайлардың жанында немесе ұшақ жолдарының бойында тұратын адамдарға авиациялық шуыл әсерін азайтуға тырысамыз.

Бұл ретте біз ең төмен шуыл деңгейін қамтамасыз ететін инновациялық технологиялармен жабдықталған Airbus A320/321 және Boeing 767-300ER, 757-200 ұшақтарын таңдадық.

Біз шуылды басу талаптарына сәйкестіктің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін әуежайларымызбен тығыз ынтымақтасамыз; бұл ретте әрқашан жоғары қауіпсіздік стандарттарын сақтаймыз.

Біздің жеткізушілеріміз

2018 жылы сатып алу бойынша негізгі күш-жігер келісімшарттарды уақтылы жасасуға және едәуір үнемдеуге қол жеткізуге бағытталды.

«Эйр Астана» АҚ-да барлық сатып алу процестері Директорлар Кеңесі бекіткен сатып алулар жөніндегі нұсқаулықпен реттеледі. Құжат іскерлік этиканы сақтау және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шараларын қамтитын сатып алу процестерін қатаң регламенттейді. Онда сондай-ақ жоспарлаудан бастап шартқа қол қойылатын соңғы кезеңге дейінгі сатып алу рәсімдері бойынша жан-жақты нұсқаулар беріледі.

Бұдан басқа, нұсқаулық шарттың орындалуын бақылау және жеткізушімен қарым-қатынас жөніндегі ережелерді, соның ішінде этикалық және ашықтық қағидаттарын белгілейді. Нұсқаулықта мазмұндалған ережелер мен ұсынымдарды орындау бізге тұрақты бизнес жүргізуге ұмтылатын жауапты, экономикалық тиімді және адал іскерлік серіктес ретіндегі беделін сақтап қалуға көмектеседі. Нұсқаулық негізінен операциялық, сондай-ақ құқықтық өзгерістерді қамтып көрсету үшін жыл сайын жаңартылып отырады, бұл біздің саладағы үздік тәжірибеге жақындауымызға мүмкіндік береді.

Жыл сайын мерзімі өткен шарттардың көбі (ұзақ мерзімді келісімшарттардан басқа) қайта жасалатын тендер маусымы кезінде біз процестер мен заңнамалық талаптардың әлсіз тұстары мен кемшіліктерін мұқият талдаймыз. Ұсынылған түзетулер Директорлар Кеңесіне бекітуге беріледі. Мұның алдында екі акционер де берілген ұсыныстарды мұқият тексеріп, қажет болған жағдайда, өзгерістер енгізеді.

2018 жылы біз Астанада «Эйр Астанамен» бизнес жүргізу ережелерін түсіндіріп, сатып алу процесін егжей-тегжейлі сипаттап, жеткізушілерге (іс басындағы, әлеуетті және барлық мүдделі жеткізушілерге) арналған екінші Ашық есік күнін өткіздік. Ашық есік күні аясында компания сатып алынатын тауарларды таныстырып, үздік жеткізушілерді марапаттады. Шақырылған «Самұрық Қазына» ҰӘҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкі сатып алу процесінің жаңа бағыттарын түсіндірді. Бұл іс-шара 2017 жылы Алматыда өткен Ашық есік күнінің жеткізушілері мен қатысушыларының өтінішімен іске асырылды.



Байланыс деректері



media@airastana.com
social.network@airastana.com
charity@airastana.com



[www.airastana.com/global/en-us/
About-Us/Overview/Corporate-
Responsibility](http://www.airastana.com/global/en-us/About-Us/Overview/Corporate-Responsibility)